

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Адастана

## Ақшамы

### 25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН  
ОЛЖАЛАҒАН

## Қазақтың Бунині

Таяуда ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақ ағамыздың шығармаларын қайта бір оқып шықтым. Қазақтың құнарлы тілімен ғажайып бейнелер жасаған жазушының туындылары – әдебиетіміздің асыл қазынасына қосылған сүбелі дүниелер



## Қалихан Ысқақ пен Қадыр Мырза Әли

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетіне теңіздің толқындарындай буырқанған бір ірі буын келді. Бұлар жай ғана келіп қойған жоқ, өздерінің әдеби әлемімен, саф алтындай сөз байлығымен ұлт руханиятына соны серпін әкелді. Бұл түсінікті жағдай еді... Отызыншы жылдары қуғын-сүргінде қырқылып кеткен алаш тұлғалары мен қырқыншы жылдары екінші дүниежүзілік қанды қасапқа түсіп, мерт болған қаламгерлердің орны кәдімгідей үңірейіп қалған шақ болатын. Ол кезде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, қос Ғабен секілді классиктеріміздің көзі тірі болса да, әдебиетке енді келген буынға да түсер салмақ аз болған жоқ. Осы буынның бас жағында алмас қылыштай жарқырап Қалихан Ысқақ тұрғаны анық. Оның алғашқы жып-жылы нәзіктікке толы «Қоңыр күз еді» атты повесі жарық көргенде айтулы ғалым Зейнолла Қабдолов «Әдебиетке тамаша бір талант келді» деп, көпшілікке жар салып, жас дарынның көркем дүниесіне жоғары баға берген. Міне, әдебиеттегі жолы осылай сәтті басталған жазушының одан кейін де «Менің ағаларым», «Тұйық», «Қара орман» атты кітаптары жарық көрді. Ал, «Ақсу – жер жәннаты» романы үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Қаламгердің қай шығармасында болса да өзі туған Алтайдың тұмса табиғаты мен онда ғұмыр кешкен адамдардың қилы-қилы тағдыры терең суреттеліп, бұрын мүлде кездеспеген кейіпкерлер галереясын жасайды. Ондағы қазақтың қаймақты тілі Қалихан суреттегенде ерекше құлпырып, жұтынып кетеді. Сондықтан, бұл шығармалар жайында әдебиетте қалам тербеп жүрген ағаларымыз барынша пайымдап жазғандықтан,

оның «Келмес күндер елесі» атты қос томдық мемуарлық еңбегіне қысқаша ғана тоқталсақ дейміз. Аталмыш еңбек, мемуарлық жанрда жазылса да, құдды бір көркем шығарма оқып отырғандай әсерде боласыз. Жазушы балалық шағынан бастап, Алматыға келген сәттері мен бірге жүрген достары жайында, қадірі артқан қаламдас ағалары туралы барынша шынайы, парасатты ой толғайды. Әсіресе, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Тәкен Әлімқұлов, Ақан Нұрманов, Рамазан Тоқтаров жайында жазған толғамдары жүректі тебірентпей қоймайды. Бұл аталған тұлғалардың барлығы әдебиетте өз орындарын әлдеқашан иеленсе де, былайғы өмірдегі адами болмыстары қандай болғанын індете жазып, мұңлы сағынышпен көркем сомдайды. Сондықтан, бұл кітапты соңғы жылдары қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі туынды деп толық айтуға болады. Қаламгер өз өмірінде орыстың әйгілі жазушысы Иван Бунинді ерекше қадір тұтқан. Оның «Арсеньевтің өмірі» атты романы мен бірқатар повестері мен әңгімелерін қазақы ұғымға жатық етіп, мөлдірете аударды. Буниннің өзі әдебиетте көркем тілді ерекше пір тұтса, Қалихан аға да шығармашылығында осы мұратты биік ұстаған. Сондықтан маған осы екі жазушының творчествосында бір ұқсастық тамырласып жатқандай көрінеді. Қалағаң дүние салғанда оның етбауыр жақын інілерінің бірі марқұм Дидахмет Әшімханұлы «Ол қазақтың Бунині еді» деп жазды. Кезінде орыстың зиялы қауымы осы жазушыны «әсем сөздің академигі» деп атаған екен. Демек, осы тіркесті көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақ ағамызға да арнап айтуға болады.

Азамат Есенжол